

FTAMP 19.01.05

Наргиза Ерес¹¹SDU University, Қаскелең, Қазақстан*e-mail: nargizaeres@gmail.com

БАЛАЛАР ЖЫЛЫНДА БАҚ БАЛАЛАР СУИЦИДІН ҚАЛАЙ ЖАЗДЫ? ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН ГАЗЕТІНІҢ МЫСАЛЫНДА

Андатпа. Мақала мазмұны медианың балалар жылында суицид тақырыбын қалай жазғанын зерттейді. Әсіресе балалар суицидіне қатысты мақалалардың мәні қаншалықты этикаға сай екенін анықтауды мақсат етеді. Зерттеу объектісі ретінде мемлекеттік басылым Егемен Қазақстан газеті таңдалды.

Сапалық зерттеу әдісін қолданған мақаламызда суицид тақырыбының әлемдік деңгейдегі жазылу тәжірибесі мен теорияларына сүйенеміз. Күн тәртібі теориясының шеңберінде материалдарға талдау жасаймыз, сонымен қатар, Вертер эффектісі, Папагено эффектісі сынды суицидпен қатар айтылатын ұғымдарға шолу жасаймыз. Қазақстан медиасында, соның ішінде жаңалықтардағы суицид тақырыбының этикалық тұрғыдан жазылу барысына талдау жасаймыз.

Сонымен қатар таңдалған ақпарат құралының 2022 жылдағы балалар суицидіне қатысты бір жылдық мақалаларын топтастыра отырып, контент анализ көмегімен суицид тақырыбын жазуда ақпарат құралдары қандай этикаға қайшы сөз тіркестерін қолданатынын анықтадық.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы “өз-өзіне қол жұмсау” жаңалықтары сенсация, рейтинг және трагедияны көрсету үшін емес, аудиторияның өмірге жауапкершілігін және “көпшіліктің білу құқығымен” теңестірілуі керек ақпараттарды ұсыну маңызды екенін алға тартады.

Кілт сөздер: Медиа, этика, Егемен Қазақстан газеті, балалар суициді, Күн тәртібі теориясы, Вертер эффектісі, Папагено эффектісі

Кіріспе

Суицидке әлеуметтік мәселе деп қарау француз социологы Эмиль Дюркгеймнің 1897 жылы жарық көрген атақты «Суицид» еңбегінен бастау алды. Содан бері суицидті зерттеу әдістері ғана емес, жазу, ол туралы ақпарат тарату да көп өзгеріске ұшырады. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымы суицидке жеке адамның өлімі деп емес, қоғамдық-әлеуметтік мәселе деп қарау керектігін ескертеді. Ұйымның мәліметінше, әлемде әр 40 секунд сайын бір адам өзіне қол салады. Оның қатарында бала да, жасөспірім де, кәрі мен ересектер де бар. Осы уақытқа дейін

жүргізілген Халықаралық зерттеулер суицидке әртүрлі әлеуметтік, экономикалық, отбасылық, психологиялық жағдайлар әсер ететінін айтады. Бұл тізімде медианың да рөлі бар (ЮНИСЕФ, 2012). Барлық тараптар суицид туралы жаңалықтардың суицидке себеп болуы мүмкін деген алаңдаушылықтың ғылыми негізі бар екенін түсінуі керек дейді ғалымдар (O'Carroll & Potter, 1994).

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша Қазақстан әлемдегі суицид деңгейі ең жоғары елдердің қатарына кіреді. Wisevoter ұйымының статистикалық мәліметі бойынша, 2023 жылы Қазақстан суицид деңгейі бойынша 100 адамға шаққанда 178 елдің ішінде 19-орынды алған. Сонымен қатар балалар мен жасөспірімдер суициді бойынша да еліміздегі көрсеткіш деңгейі қуанарлық емес.

Соңғы онжылдықта өз-өзіне қол жұмсау туралы жаңалықтардың саны айтарлықтай өскенін зерттеушілер жиі айтып келеді. Бірқатар зерттеулер БАҚ-тағы суицид туралы хабарлардың суицид санының өсуімен байланысты екенін көрсетті дейді (Niederkroenthaler және басқалары, 2020). БАҚ-қа жарияланған өз-өзіне қол жұмсау материалдарына еліктеу Вертер эффектiсi деп аталатынын жоғары да жазғанбыз, бұл Германияда және бүкіл Еуропада Гетенің 1774 жылы «Жас Вертердің қайғысы» шығармасынан кейін белең алды. Шығарманың бас кейіпкері Вертер сәтсіз махаббат оқиғасынан кейін, өзіне қол жұмсайды. Дәл осы шығарма жарық көргеннен кейін 150-ден астам зерттеулер бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларына байланысты суицидтің салдарын зерттеді. Аталған оқиғадан кейін елде суицид деңгейі өсіп, шығарманың сатылымына тыйым салынады. Вертер эффектiсi негізінен фантастикалық емес жаңалықтарға, әсіресе атақты адамдардың суицидтен қайтыс болғаны туралы әңгімелер мен суицидтің драмалық немесе романтикалық бейнесі бар немесе суицид әдісінің нақты және егжей-тегжейлі сипаттамасы бар оқиғаларға қатысты талқыланады (Niederkroenthaler және басқалары, 2020).

Жалпы тақырыптың зерттелу деңгейі өте ауқымды және теориялық маңызы жоғары. Оның ішінде суицид туралы материалды жазу кезінде қоғам мүддесін алдыңғы қатарға қойып, этикалық аспектілер шеңберінде ғана хабар таратуы керек. Дегенмен Қазақстан медиасындағы бұл тақырыптың репрезентациясына көңіл аударатын болсақ бірқатар проблемалар бар екенін байқауға болады.

Әдебиетке шолу

Бұқаралық ақпарат құралдары суицид тақырыбын қандай мазмұнда көрсетеді? Материалдарды ұсыну барысында қандай да бір этикаға қайшы

дүниелер кездесе ме? Медида суицид тақырыбының этикаға сай жазылуы туралы қандай еңбектер мен тәжірибелер бар. Қазақстандағы медиаөнімдерде бұл тақырыптың репрезентациясы қандай?

Әдебиетке шолуда жоғарыдағы сұрақтарға жауап іздейміз. Ғылыми зерттеулер мен әлем елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып, тақырып аясында осы уақытқа дейін жүргізілген тәжірибелерді, проблеманы айқындауға септігін тигізген еңбектермен танысып, теориялық негіздеме барысында қысқаша шолу жасаймыз.

Ең маңыздысы, белгілі бір әдіспен суицидті ашық сипаттау осы әдісті қолданатын суицидтік мінез-құлықтың артуына әкелуі мүмкін...”

Бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалын бағалау кезінде назардан тыс қалмайтын маңызды мәселенің бірі - суицидтің нақты әдістері туралы хабарлау дейді ғалымдар. “Суицидтің алдын алудағы БАҚ рөлі: жүйелі шолу” зерттеу еңбегінде бұқаралық ақпарат құралдарының өз-өзіне қол жұмсаудың бірнеше драмалық және өте қауіпті әдістерін қалай «жарнамалағанын» айтады. Мысалы, жағу, өзін көмірмен жағу, ату, секіру теміржолдағы суицид, метродағы суицид немесе тағы басқа (Sisask & Värnik, 2012). Өзін-өзі өлтірудің жаңалық құндылығы туралы зерттеулер бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламалары суицид туралы ресми деректерге сәйкес келмейтінін және атакты адамдардың суицидтері және әдеттен тыс жағдайлар немесе әдістермен байланысты суицидтер сияқты суицидтердің белгілі бір түрлерін асыра көрсететінін айтқан болатынбыз. Жоғарыда аталған әдістер көптеген елдерде ең жиі кездесетін суицид әдісі екенін зерттеулер көрсеткен. Зерттеулердің басым бөлігі өз-өзіне қол жұмсау туралы материалдарда журналистер марқұм туралы ресми деректерге қарағанда, сенсациялық суицидтерді асыра көрсетуге бейім екенін айтады.

АҚШ-тың алты қаласында БАҚ және суицид туралы зерттеуде Ромер және басқалар (2006) БАҚ-тан туындаған суицидтік жұқпалы аурулардың әсерін растады және жергілікті теледидар жаңалықтарының, сондай-ақ феноменнің көзі ретінде газеттердің маңыздылығына назар аударған. Зерттеушілер олардың нәтижелері әсердің географиялық сайттарда қайталануы мүмкін екенін айтады. Суицидті идеализациялау және оны проблемаларды шешудің ұтымды әдісі ретінде қолайлы ету; өте күрделі процестің түпкілікті нәтижесі болып табылатын нәрсені тым жеңілдету немесе басқаша түрде оған сенсациялық сипат беру.

"Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары көбінесе өз-өзіне қол жұмсаудың себептерін адамның өміріндегі ең жеңілтек түсінікке бағыттағанын айтады (Норрис & Джемсон, 2001). Зерттеушілер адамдар өздеріне ұқсас адамдармен сәйкестендіруге бейім болғандықтан, ұқсас эмоционалдық күйлерге тап болған кезде немесе БАҚ-та ұсынылған суицид құрбандары сияқты проблемаларды немесе дағдарысты бастан кешіретін адамдарда оларды еліктеуге итермелейтін байланыстың бір түрі дамуы мүмкін екенін атап көрсетеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу мақаласы үшін Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымы және SAVE халықаралық ұйымының медиа мамандарға арналған нұсқаулығы, суицид тақырыбына қатысты халықаралық деңгейдегі зерттеулері мен Қазақстан медиасындағы танымал басылымның 2022 жылдағы контенті қарастырылды. Аталған ғылыми еңбектерді негізге ала отырып, тақырыпқа талдау жасадық. Әсіресе, өз өзіне қол жұмсау тақырыбын медиада жазудың этикасына жеке тоқталып, мақала мазмұны, ондағы кілт сөздер мен материалдың тақырыбын, визуалын негізге алдық. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы суицид тақырыбының оқырманға әсері туралы зертеуші ғалымдардың еңбектері ұсынылды. Сондай-ақ, ондағы талдаудың зерттеу нәтижелерін Қазақстан медиасындағы басылымдардың контент мазмұнымен салыстыра отырып аудиторияға жеткізуді негізге алған болатынбыз.

Өз-өзіне қол жұмсау оқиғаларын сенсация немесе рейтинг әсері үшін емес, жауапкершілік призмасынан іске асырудың маңызы зор екенін жеткізуді мақсат еттік. Суицид материалдарын медиада жариялау әрі жеткізуге қатысты танымал теориялар бар. Соның бірі - Вертер әсері, екіншісі - Папагено әсері. Аталған екі теория арасында қарама-қайшылық болса да, зерттеушілер әр теорияның белгілі бір деңгейде өз шындығы барын жоққа шығармайды. Осы тұста, толығырақ айтатын болсақ, ақпарат құралдарының суицидтік мінез-құлық туралы жиі жазуы, оқиға орыны мен әдісін ашық түрде сипаттауы, танымал адамдардың суицидінен кейін елдегі суицид саны көбеюі атакты “Вертер” эффектін көрсетеді дейді. Яғни аудитория медиадан кәсіби этикаға сай емес жазылған суицид материалдарын көру арқылы дәл сол әрекетті өзінде қайталайды. Бұл оқырман арасында еліктеушілік турады дейді.

Ал кей ғылыми еңбектерде бұқаралық ақпарат құралдарында өзіне қол жұмсамақ болған адамдардың монологын, әңгімесін медиада жариялау суицид ойында жүрген адамдардың бұл ойдан бас тартуына ықпал ететінін алға тартады. Бұл - Папагено эффектiсi деп аталады.

Негізгі бөлім

Тақырыпқа қатысты зерттеулер мен дәлелдер суицид әрекетіне бір ғана жағдай немесе стресстің өзі себеп болады дегенді анық дәлел деп айту қиын екенін ескертеді (WHO, 2018). Медианың міндеті - қоғамда болып жатқан оқиғалар туралы ақпаратты халыққа жеткізу. Алайда оның зиян тұсын, этикаға қайшы бөлігін ажыратып, аудиторияға өткізбеу де - медиа мамандардың қызметі. Журналистердің де суицид туралы жаңалықтарды

жауапкершілікпен хабарлауы үшін ең жақсы этикалық тәжірибелерді түсінуге және мойындауы, оны тәжірибеде іске асыруы өте маңызды.

ДСҰ-ның нұсқаулығында Бұқаралық ақпарат құралдары таратқан ақпарат яғни, суицид туралы жаңалықтар суицидтің өсуіне әкелуі мүмкін екендігін ескертеді. Әсіресе жаңалықта атақты адамның өлімі немесе суицидтің әдісін анық сипаттайтын болса, бұл психологиясы әлсіз әрі өзіне қол жұмсау ойында жүрген адам үшін дайын сценарий болуы мүмкін дейді (WHO, 2021). Көп жағдайда қарапайым адамдардың суицидтерінен гөрі әйгілі әрі атақты адамдардың суицидтерін көшіру жиі кездеседі (Stack, 2003). БАҚ-тың жиі жіберетін қателіктерінің бірі өзіне қол жұмсау әрекетін белгілі бір мақсаттарға, жеке проблемалармен күресу құралы ретінде көрсету (мысалы, қарым-қатынасты бұзу немесе ата-ананың тәрбиесіне қарсы пайдалану). Мұндай факторлар жиі суицид әрекетіне түрткі болып көрінгенімен, басқа психопатологиялық мәселелердің әрдайым қатысы болатынын ескертеді (O'Carroll & Potter, 1994).

Папагено эффектісі

Суицид туралы хабарлардың барлығы суицид деңгейінің өсуіне әкелмейді. Мысалы, суицидтік дағдарысты сәтті жеңген адамдар туралы жаңалықтарды қарау суицидті азайтуы мүмкін екендігі туралы дәлелдер бар - бұл Папагено эффектісі деп аталатын құбылыс. Өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу тұрғысынан алғанда, суицид туралы жаңалықтардың Вертердің зиянды әсерін азайтуға немесе одан да жақсырақ жоюға және Папагеноның пайдалы әсерлерін жеңілдетуге бағытталған жауапты хабарлау принциптерінің жиынтығына сәйкес келуі маңызды. Бұл өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алады.

Сонымен қатар, кейбір зерттеушілер бұқаралық ақпарат құралдары халықты психикалық ауруларды емдеу туралы ақпараттандыру арқылы суицидтің алдын алу шараларын қолдайтынын ұсынса, ал басқалары суицид туралы бұқаралық ақпарат құралдарының теріс хабары екенін, яғни суицидтің «тартымды еместігін» атап көрсетеді. Шынында да, зерттеушілер БАҚ өзін-өзі өлтіруді қолайсыз сипаттамалар арқылы сипаттағанда, яғни қате, қорқынышты, азапты немесе кемсітетін әрекет ретінде немесе суицидке бейім адамдарды девианттар ретінде көрсеткенде, бұл еліктеу ықтималдығын әлсіретуі мүмкін екенін анықтады.

Вертер эффектісі

«Вертер әсері» термині «суицид оқиғасы [БАҚ-та] жарияланғаннан кейін... суицидтер санының артуы» деген мағынада қолданылады. «Суицидті жұқтыру», «Суицидке еліктеу», «Көшірме суицид» терминдері

көбінесе Вертер эффектісімен алмастырылады, бірақ терминдер бір-бірімен байланысты болса да, соңғы терминді осы сөздің мағынасы үшін нақтырақ деп есептейді ғалымдар. Вертер эффектісін өзін-өзі өлтіру индексі бұқаралық ақпарат құралдарында сипатталған суицидтің жұқпалы түрі ретінде қарастыруға болады дейді. Бұқаралық ақпарат құралдарында суицидті кеңінен жариялау жаппай суицидке еліктеуге әкелуі мүмкін деп есептелді. Сондай-ақ суицидтік мінез-құлық туралы бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларының еліктеу әсері бұрыннан бар екенін зерттеушілер ғылыми еңбектерінде жиі жазады.

Еліктеушілердің өз-өзіне қол жұмсауы туралы жүйелі ғылыми зерттеулер Дэвид Филлипстің 1970 жылдағы жұмысынан басталды дейді зерттеушілер. Ең үлкен еліктеу әсері әйгілі кино жұлдызы Мэрилин Монроданың 1962 жылы тамыздағы суицидінен кейін бір ай ішінде 303 жағдай болған. Жұлдыздың өліміне қатысты әңгімелер бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған айда жалпы суицид деңгейін 2,51% - ға арттырған (Stack, 2003). Яғни, жоғарыда аталған суицид оқиғаларының әсіресе жастар арасында, әлеуметтік тақырыптарды, медианы оқуға бейім болуы мүмкін топтың арасында маңызды әрі айтарлықтай ықпалын тигізеді дейді (Gould et al., 2003).

“Күн тәртібі” теориясы

Зерттеу жұмысымызда әлеуметтік теориялар, соның ішінде “Күн тәртібін белгілеу” теориясын негізге ала отырып, зерттеу объектісінің контентіне талдау жасайтын боламыз. Аталған теория БАҚ бізге не ойлау керектігін емес, не туралы ойлау керектігін айтады. Өз-өзіне қол жұмсау контекстінде бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлауы суицидтің қай аспектілеріне назар аударылатынына және қоғам оның маңыздылығын қалай қабылдайтынына әсер етуі мүмкін деген мысалды алға тартады.

Күн тәртібін белгілеу теориясының басталуын 1922 жылы Уолтер Липпманның бұқаралық ақпарат құралдарының қоғам санасында белгілі бір имиджді орнатуға әсер етудегі маңызды рөлі туралы алаңдаушылық білдірген кезден байқауға болады дейді зерттеушілер (Lippmann, 1922). Липпман бұқаралық ақпарат құралдарының қоғам пікіріне әсер ете алатын белгілі бір күн тәртібін қалай қоюға болатынын көрсетеді.

Күн тәртібін белгілеу теориясы – белгілі бір мәселені қоғамдық күн тәртібі ретінде шығаруда бұқаралық ақпарат құралдарының қалай әсер ететінін талқылайтын теория. Қоғамдық күн тәртібі – қоғам мүшелерін немесе қоғамды толғандыратын басты назар немесе басты мәселе. Күн тәртібін белгілеу теориясы терминін алғаш рет МакКомбс пен Шоу (1972) қолданған. Бұл теория бұқаралық ақпарат құралдарының мәселе ретінде

қоятын екпіні мен бұқаралық ақпарат құралдарының аудиториясы немесе қоғамның мұндай мәселеге реакциясы немесе атрибуттары арасындағы қарым-қатынастар тұрғысынан байланысты әзірлейді (Littlejohn және Foss, 2009)

Медианың суицид тақырыбын этикаға сай жазуы не себепті маңызды екенін жоғары да атап өттік. Осы тұста Қазақстандағы медиа мамандар, атап айтқанда журналистер суицид тақырыбын, соның ішіндегі балалар мен жасөспірімдер суицидін қалай жазады? Халықаралық журналистерге арналған этикалық кодекске сай ақпарат тарата ма? ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жыл - балалар жылы деп жариялаған болатын (Akorda.kz, 2022). Аталған жылы мемлекеттен тапсырыс алатын газеттің бірі Егемен Қазақстан өз-өзіне қол жұмсаған балалар мен жасөспірімдер суицидін аудиторияға қалай жеткізді? Мақалаға визуал қолдану барысында қандай объектілерді негізге алғанына анализ жасаймыз. Себебі мемлекеттік басылымдар мазмұны көп жағдайда мемлекет идеологиясына бағытталады. Елдегі бұл проблеманы еліміздегі маңызды деп табылатын басылымның қандай ракурстан беретіні маңызды? Мемлекеттік БАҚ-тың өзекті мәселені талқылаудан жалтару жағдайы Б.Н.Лозовскийдің: «Мемлекет пен оның құрылымдары ақпарат саласында неғұрлым белсенді «ойнаса» соғұрлым олардың БАҚ пен журналистерге манипуляциялық ықпалы күшейе түседі» деген тұжырымдасына сүйенетін болсақ, мемлекеттік басылым балалар жылында тақырыпты көп жағдайда әлеуметтік мәселеге, яғни суицидке емес, балалар мен жасөспірімдердің “жақсы жағдайына” аударуы ықтимал. Егемен Қазақстан газетінің 2022 жылдың қаңтар мен желтоқсан айларында жариялаған суицид туралы мақалаларына талдау жасайтын боламыз.

Сонымен қатар елімізде соңғы үш жылда балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид статистикасы жоғары екенін байқауға болады. 2020 жыл – 144 факт (*әрекет* – 307), 2021 жыл - 175 факт (*әрекет* – 373), 2022 жыл - 155 факт (*әрекет*-309), 2023 жыл – 95 факт (*әрекет* - 207). Бұл туралы Ашық үкімет сайтында көрсетілген (Ашық үкімет порталы, 2023).

2022 жылы Егемен Қазақстан газетіне балалар мен жасөспірімдерге қатысты қазақ тілінде 12 мақала жарияланған. Оның ішінде ақпараттандыру бағытында және статистикаға негізделген 3 материал болса, қалған мақала еліміздің әр өңірінде орын алған суицид оқиғалары туралы баяндалған. Аталған мақала саны мен талдау нәтижесі “Егемен Қазақстан” газеті балалар суициді туралы материалдарды дайындау

кезінде этиканы сақтайды немесе сақтамайды деп нақты шешім шығаруға жеткіліксіз екенін ескерткіміз келеді.

Біздің мақсатымыз таңдалған кезеңдегі мақалаларға талдау жасау, халықаралық нұсқаулықтарға сүйене отырып, контент мазмұнына мағына беру. Олай болса, кезекті бір мақаладан бастауды жөн көрдік. “Алматыда 8-сынып оқушысы суицид жасады” тақырыбындағы жаңалықтың суретінде және контекстінен этикаға қайшы дүниелерді байқауға болады (Қапаш, 2022).

Оқиғаға қатысты комментарий берген қалалық полиция департаментінің өкілі «2006 жылы туған мектеп оқушысы өз үйінің ауласында асылып қалған» - деп баяндама жасайды. SAVE халықаралық ұйымының нұсқаулығына сәйкес, суицид әдісі мен орынын сипаттау немесе бейнелеу негізсіз. “Асылып қалған”, “секіріп кеткен” тіркестері әдісті көрсетсе, “қорада”, “аулада” сөздері оқиға орнын көрсетеді.

Сондай-ақ қайтыс болған жердің немесе тәсілінің фотосуреттері/бейнелері немесе жерлеу рәсімдерінен хабар тарату, сондай-ақ марқұмның туыстарының жанын жаралайтын, оқиғаны еске түсіруге итермелейтін сұрақтарды қою журналистік этикаға қайшы екенін алға тартқан зерттеушілер, керісінше мұндай хабарларды аудитоияға ұсынған кезде мектеп/жұмыс немесе отбасылық фотосуретті пайдалану дұрыс екенін ескертеді. Суицид мінез-құлқының алдын алуға көмектесетін дағдарыс орталықтарының сенім телефонын, мекеменің логотипін немесе жергілікті елді-мекеннің дағдарыс орталығының телефон нөмірлерін қосуды ұсынады.

“Суицид сорлатып тұр” тақырыбындағы кезекті бір сараптамалық мақалада “суицид синдромы” тіркесін байқауға болады (Мұқаметқали, 2022). Мақаланың негізгі мазмұнында еліміздегі осы жағдайға қатысты статистикалық мәліметтерді ұсынады. Өзіне қол жұмсау жағдайларына бей-жай қарамау керек екенін алға тарта отырып, “суицид сорлатып тұр” тақырыбын қояды.

Халықаралық нұсқаулықтарға сәйкес, суицидті - «эпидемия» немесе «статистика аспанға ұшты», сияқты сөздерді қолдану арқылы мәселені асыра сілтеуге болмайтыны көрсетілген. Сондай-ақ өз-өзіне қол жұмсауды романтизациялау да этикаға қайшы екені айтылады. “Суицид сорлатып тұр” тақырыбынан гөрі нақты пайыздық көрсеткішті өсті немесе кеміді деп жазуды ұсынады (SAVE, 2020). Ал “Түркістан облысында мектеп оқушысы суицид жасады” мақаласының визуалында арқанның суреті мен ер адамның бейнесі көрсетілсе, мақала мазмұнында жасөспірімнің өз үйінің ауласындағы мал қорада жіпке асылып қайтыс

болғаны туралы жазылған (Керім, 2022). Сәйкесінше алдыңғы екі мақалада көрініс тапқан қателікті аталған жаңалықтан да көре аламыз. Яғни, оқиға орынын анық әрі нақты көрсетіп, ауласында, соның ішінде мал қорада екенін, қандай тәсілмен де өзіне қол жұмсағанын көрсетеді.

Жоғарыдағы мақалалардан көргеніміздей, суицид орыны мен әдісін сипаттау немесе болған оқиғаның себебін бір нәрсеге таңу байқалады. “Күн тәртібі” теориясы шеңберінде қарайтын болсақ, өз-өзіне қол жұмсаудың әдісін қайта-қайта медиада көрсету оқырманға сол нәрсені ойлауға және оның осындай да жолдары бар деген ойды тудыруға итермелейді деген қауіп бар.

Медиадағы суицид тақырыбының аудиторияға әсері туралы зертеуші ғалымдар келесідей ескертуді мамандар назарына ұсынады. Өзіне-өзі қол жұмсауға қарапайым түсініктемелер беру. Өзін-өзі өлтіру ешқашан бір фактордың немесе оқиғаның нәтижесі емес, керісінше көптеген фактордың күрделі өзара әрекеттесуінен туындайды және әдетте психоәлеуметтік мәселелердің тарихын қамтиды. БАҚ өкілдері өз-өзіне қол жұмсаудың жалғыз себебі соңғы жағдай емес екенін мұқият түсіндіруі керек. (O'Carroll & Potter, 1994). Белгілі бір жаңалықтың соңында сол тақырыппен үндес келесі бір материалға сілтеме жүретінін, ол сайт жұмысы үшін маңызды болғанымен, дәл осы өзіне қол салу фактілері жайлы «естеріңізге сала кетсек» деп ұқсас жағдайға сілтеме беру де этикаға қайшы. Жалпы, суицид туралы материалдарды дайындау барысында журналистер жаңалықтарды жинау, хабарлау процесстері кезінде өзіне келесі сұрақтарды қоюы керек (Duncan & Luce, 2022):

1. Өз-өзіне қол жұмсау салдарынан зардап шеккендерге зиянымды тигізіп тұрған жоқпын ба?
2. Шындықты айттым ба, бірақ әдіс пен орналасқан жердің нақты мәліметтерін бермедім бе?
3. Оқиғаның дұрыс жазылуына мән бердім бе?
4. Әлеуметтік желілерді жауапты әрі орынды пайдаландым ба?
5. Стереотиптерден, зиянды мазмұннан және стигматизациялайтын әңгімелерден аулақ болдым ба?
6. Сенім телефондары арқылы қолдау көрсеттім бе?

Жоғарыда аталған этикалық міндеттерден бөлек, өзі-өзіне қол жұмсау хабарламаларын жазу барысында, аудиторияға материалдың зиянын азайту мақсатында аталған ережелерді сақтау да маңызды екенін ескертілген:

- Суицид туралы хаттың мазмұнымен бөлісу;
- Қайтыс болған адам туралы жеке мәліметтерді сипаттау;

- Өз-өзіне қол жұмсауды қиындыққа қолайлы жауап ретінде көрсету;
- Суицидтің себебін тым жеңілдету немесе болжау;
- Тақырыптағы немесе әңгімедегі сенсациялық мәліметтерді жазу;

Сондықтан журналистер өз міндеттерін, ұстануы керек ережелерді және суицид туралы хабарлаудың салдарын қарастырумен қатар, тиімді этикалық таңдау жасау үшін ізгілікпен әрекет етуі керек дейді (Duncan and Newton, 2017).

Қорытындылай келе, “Егемен Қазақстан” газетінде жарияланған суицид хабарламалары журналистерге арналған этикалық нұсқаулықтарға қарсы келетін тұстарының бар екенін байқауға болды. Аудиторияның қабылдауына кері әсер беретін визуал элементтер мен өз-өзіне қол жұмсау оқиғаларын жариялау кезінде суицид әдісін, орынын, нақты мекен-жайды атап, кей мақалада әсіре сілтеу тақырыптарына да жол беретінін көре аламыз. Сонымен қатар нұсқаулықтарда көрсетілген ең маңызды ереженің бірін ешқандай материалдан кездесетіре алмадық. Суицид ойында, психологиялық қысым мен жайсыздық та жүрген адамдар үшін арнайы сенім телефондары, дағдарыс орталықтарының байланыс нөмірлері іріктелген жаңалықтардың ешқайсынан кездеспеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Duncan, S., & Luce, A. (2022). Using the Responsible Suicide Reporting Model to increase adherence to global media reporting guidelines. *Journalism*, 23(5), 1132-1148.
2. Duncan S and Newton J (2017) Reporting Bad News: Negotiating the Boundaries between Intrusion and Fair Representation in Media Coverage of Death. New York: Peter Lang
3. Egov. (n.d.). *Открытые НПА*. Открытые НПА. <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=14656818>
4. Niederkrotenthaler, T., Braun, M., Pirkis, J., Till, B., Stack, S., Sinyor, M., ... & Spittal, M. J. (2020). Association between suicide reporting in the media and suicide: systematic review and meta-analysis. *Bmj*, 368.
5. Lippmann, W. (1922). Public opinion. Transaction Publishers.
6. Littlejohn, S. W., & Foss, K. A. (Eds.). (2009). Encyclopedia of communication theory
7. McCombs, M.E., & Shaw, D.L. (1972). The agenda-setting function of mass media. *Public Opinion Quarterly*, 36, 176-187
8. O'Carroll, P. W., & Potter, L. B. (1994). Suicide contagion and the reporting of suicide: Recommendations from a national workshop.

9. Reporting on Suicide, SAVE, (2020) <https://reportingonsuicide.org/Recommendations/>
10. Romer, D., Jamieson, P. E., & Jamieson, K. H. (2006). Are news reports of suicide contagious? A stringent test in six U.S. cities. *Journal of Communication*, 56(2), 253–270.
11. Sisask, M., & Värnik, A. (2012). Media roles in suicide prevention: a systematic review. *International journal of environmental research and public health*, 9(1), 123-138.
12. Stack, S. (2003). Media coverage as a risk factor in suicide. *Journal of Epidemiology & Community Health*, 57(4), 238-240.
13. World Health Organization. (2018). *Live life: preventing suicide* (No. WHO/MSD/MER/18.3). World Health Organization.
14. World Health Organization. (2021). *Live life: an implementation guide for suicide prevention in countries*.
15. Керім, Д. (2022, November 7). Түркістан облысында мектеп оқушысы суицид жасады. *egemen.kz*. <https://egemen.kz/article/327500-turkistan-oblysynda-mektep-oqushysy-suitsid-dgasady>
16. Киршин, Б. Н. (2012). Государственные и частные СМИ: особенности информационной политики. *Вестник Челябинского государственного университета*, (5 (259)), 85-87.
17. Қапаш, Г. (2022, May 6). Алматыда 8 сынып оқушысы суицид жасады. *egemen.kz*. <https://egemen.kz/article/311416-almatyda-8-synyp-oqushysy-suitsid-dgasad>
18. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа 2022 жылмен құттықтауы — Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. (n.d.). Akorda.kz. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-zhana-2022-zhylmen-kuttyktauy-31111624>
19. Мұқаметқали, Қ. (2022, February 9). Суицид сорлатып тұр. *Egemen.kz*. <https://egemen.kz/article/303708-suitsid-sorlatyp-tur>
20. Норрис, Б. & Джемсон, М. (2001). Reporting suicide worldwide: Media responsibilities. Батыс Англия Университеті, Бристоль.

References

1. Duncan, S., & Luce, A. (2022). Using the Responsible Suicide Reporting Model to increase adherence to global media reporting guidelines. *Journalism*, 23(5), 1132-1148.
2. Duncan S and Newton J (2017) Reporting Bad News: Negotiating the Boundaries between Intrusion and Fair Representation in Media Coverage of Death. New York: Peter Lang
3. Egov. (n.d.). *Открытые НПА*. Открытые НПА. <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=14656818>
4. Niederkrotenthaler, T., Braun, M., Pirkis, J., Till, B., Stack, S., Sinyor, M., ... & Spittal, M. J. (2020). Association between suicide reporting in the media and suicide: systematic review and meta-analysis. *Bmj*, 368.
5. Lippmann, W. (1922). Public opinion. Transaction Publishers.
6. Littlejohn, S. W., & Foss, K. A. (Eds.). (2009). Encyclopedia of communication theory
7. McCombs, M.E., & Shaw, D.L. (1972). The agenda-setting function of mass media. *Public Opinion Quarterly*, 36, 176-187
8. O'Carroll, P. W., & Potter, L. B. (1994). Suicide contagion and the reporting of suicide: Recommendations from a national workshop. *Morbidity and Mortality Weekly Report: Recommendations and Reports*, 9-18.
9. Reporting on Suicide, SAVE, (2020) <https://reportingonsuicide.org/Recommendations/>
10. Romer, D., Jamieson, P. E., & Jamieson, K. H. (2006). Are news reports of suicide contagious? A stringent test in six U.S. cities. *Journal of Communication*, 56(2), 253-270.
11. Sisask, M., & Värnik, A. (2012). Media roles in suicide prevention: a systematic review. *International journal of environmental research and public health*, 9(1), 123-138.
12. Stack, S. (2003). Media coverage as a risk factor in suicide. *Journal of Epidemiology & Community Health*, 57(4), 238-240.
13. World Health Organization. (2018). *Live life: preventing suicide* (No. WHO/MSD/MER/18.3). World Health Organization.
14. World Health Organization. (2021). *Live life: an implementation guide for suicide prevention in countries*.
15. Kerim, D. (2022, November 7). Türkistan oblysynda mektep oquşysy suisid jasady. egemen.kz. <https://egemen.kz/article/327500-turkistan-oblysynda-mektep-oqushysy-suitsid-dgasady>

16. Киршин, Б. Н. (2012). Государственные и частные СМИ: особенности информационной политики. *Вестник Челябинского государственного университета*, (5 (259)), 85-87.
17. Qapaş, G. (2022, May 6). Almatyda 8 synyp oquşysy suisid jasady. egemen.kz. <https://egemen.kz/article/311416-almatyda-8-synyp-oqushysy-suitsid-dgasad>
18. Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ jaña 2022 jylmen qūttyqtauy — Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ resmi saıty. (n.d.). Akorda.kz. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-zhana-2022-zhylmen-kuttyktauy-31111624>
19. Mūqametqali, Q. (2022, February 9). Suisid sorlatyp tūr. Egemen.kz. <https://egemen.kz/article/303708-suitsid-sorlatyp-tur>
20. Norris, B. & Jempson, M. (2001). Reporting suicide worldwide: Media responsibilities. Batys Anglia Universiteti, Bristol.

Nargiza Yeres¹

¹SDU University, Kaskelen, Kazakhstan

*e-mail: nargizaeres@gmail.com

HOW DID THE MEDIA REPORT CHILD SUICIDE IN THE YEAR OF CHILDREN? ON THE EXAMPLE OF THE NEWSPAPER “YEGEMEN KAZAKHSTAN”

Abstract. The content of the article examines how the media has covered the topic of suicide in the children's years. It aims to determine the ethical content of the articles, especially those related to child suicide. The state publication Egemen Kazakhstan newspaper was chosen as the object of research.

In our article, which uses the qualitative research method, we rely on the experience and theories of world-class writing on the topic of suicide. We will analyze the materials within the framework of the Agenda setting theory, and we will also review concepts such as the Werther effect, the Papageno effect, and suicide. We will analyze the progress of writing the subject of suicide from an ethical point of view in the media of Kazakhstan, including the news.

At the same time, by grouping one year's articles related to child suicide in 2022 of the selected mass media, we determined with the help of content analysis what unethical expressions the mass media use when writing about the topic of suicide.

"Suicide" news in the media is not about sensationalism, ratings and showing tragedy, but it is important to present information that should be

balanced with the audience's responsibility for life and the "public's right to know".

Key words: *Media, ethics, Egemen Kazakhstan newspaper, child suicide, Agenda theory, Werther effect, Papageno effect*

Наргиза Ерес¹

¹SDU University, Каскелен, Казахстан

*e-mail: nargizaeres@gmail.com

КАК СМИ В ГОДУ ДЕТЕЙ ОСВЕЩАЛ ДЕТСКИЙ СУИЦИД? НА ПРИМЕРЕ ГАЗЕТЫ “ЕГЕМЕН КАЗАХСТАН”

Аннотация. В содержании статьи рассматривается, как СМИ освещали тему суицида в детские годы. Его цель – определить этическое содержание статей, особенно тех, которые касаются детского самоубийства. Объектом исследования было выбрано государственное издание газета «Егемен Казахстан».

В нашей статье, использующей качественный метод исследования, мы опираемся на опыт и теории писателей мирового уровня на тему самоубийств. Мы анализируем материалы в рамках теории повестки дня, а также рассмотрим такие понятия, как эффект Вертера, эффект Папагено и самоубийство. Проанализируем ход освещения темы суицида с этической точки зрения в СМИ Казахстана, в том числе новостных.

При этом, сгруппировав годовые статьи, посвященные детскому суициду, в 2022 году выбранных СМИ, мы с помощью контент-анализа определили, какие неэтичные выражения используют СМИ, когда пишут на тему суицида.

«Самоубийственные» новости в СМИ – это не сенсации, рейтинги и показ трагедии, а важно подать информацию, которая должна быть сбалансирована с ответственностью аудитории за жизнь и «правом общественности знать».

Ключевые слова: *СМИ, этика, газета «Егемен Казахстан», детское самоубийство, теория повестки дня, эффект Вертера, эффект Папагено.*